

ӘОЖ 141+114

Г. Елшибекова

Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ.

E-mail: elshibekova@mail.ru

### Қазақ халқының таным-түсінігіндегі сопылық ілімнің орны

**Аңдатпа.** Қазақ халқының дәстүрлі діни танымында сопылық ілімнің алар орны ерекше. Қазақ мұсылмандық түсінігінің болмысын анықтаған бұл ілімнің бастауы Мұхаммед пайғамбардың кемелдік тұлғасымен байланысты екендігі даусыз. Исламның рухани-эмпирикалық мол тәжірибесін қалыптастырған сопылық ілімнің бастауы - құран мен сүннет.

**Түйін сөздер:** сопылық ілім, қазақ халқы, исламның рухани-эмпирикалық тәжірибесі, рухани көкжиектер, ислам өркениеті.

Рухани көкжиектері айқындалмаған кез келген ұлттың тарихтың қатал сынына төтеп бере алмасы ақиқат. Себебі, ұлттың өзін-өзі сақтау қабілеті мәдени болмысымен, ғасырлар бойы қалыптасқан ойлау жүйесімен тығыз байланысты. Қоғам мен мемлекеттің берік негізі, ең алдымен, сол мемлекетте өмір сүріп жатқан адам болса, (индивид) сол адамдардың біртұтастығына кепіл болатын мәдени кеңістікте ғұмыр кешуі де ең маңызды факторлардың бірі. Тарихты тек саяси оқиғалар немесе белгілі бір идеологияның қисынына қарай бейімдеп жазу үрдісі сан ғасырлық мәдени қабаттарымыздың ұстыны саналатын құндылықтарымызды құнсыз қылып келді. Осылайша, кезінде әлемдік өркениетке сүбелі үлес қосқан, мәдениет пен дін, өнер мен ғылым саласында маңызды роль атқарып келген халықты мүлдем қисынсыз тарихпен өзіне өзін таныту халқымыздың өз болмысын жатсынуына жол ашты. Тәуелсіздік алғалы бері рухани-мәдени тұрғыдан жаңғыруға деген елімізде ерекше құлшыныстың туғаны да рас. Алайда осы игі мұраттарды тарихи сабақтастық тұрғысынан, ғылыми зерделеп барып іске асырмаса тағы да болмайды. Себебі алдымыздан, ақ пен қараны ажыратуда бізге таразы болар рухани өзегіміз бен мәдени бастауларымызды өз деңгейінде танып білу міндеті көлденеңдейді.

Қазақ халқының дәстүрлі діни танымында сопылық ілімнің алар орны ерекше. Қазақ мұсылмандық түсінігінің болмысын анықтаған бұл ілімнің бастауы Мұхаммед пайғамбардың кемелдік тұлғасымен байланысты екендігі

даусыз. Исламның рухани-эмпирикалық мол тәжірибесін қалыптаған сопылық ілімнің бастауы құран мен сүннет. Неміс ғалымы, профессор Ф. Толюк: «Мұхаммед пайғамбармен қоса барлық араб тайпалары тәркідүниелік өмірге бейім болатын. Сондықтан да, сопылық ілімнің бастауын Исламның құрушысының мистикалық тұлғасымен, хижреттен кейінгі алғашқы онжылдықтағы сахабалардың аскеттік тәжірибелерінен іздеген жөн», – деп жазды [1, 116 б.]. Бұл пікірдің Европада сопылық жайлы академиялық зерттеулердің орныға бастаған кезінде айтылғанын ескерсек, сопылықтың ең әуелі таза Исламдық құбылыс ретінде пайда болғандығын көреміз.

Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін біз көшпенділікпен тығыз байланыста дамыған, көне түркі мұрасы мен бүкіл адамзат тарихына пәрменді рухани фактор болған ұлы ислам дінінің бір-бірімен кездесіп, байланысып, сіңісуінің заңды қорытындысы, жемісі деп бағалауымыз керек. Тарихи тұрғыдан алғанда ежелгі түркі дәстүрі өзгермей, бір орнында тұруы мүмкін емес еді, ол уақыты келгенде міндетті түрде өзгеріске, трансформацияға ұшырап, түрленіп, ислами құндылықтармен сомдалуы керек болды. Ислам діні арқасында түркілер қоғамы жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, моральдық, идеологиялық, мәдени-гуманитарлық жағынан толыққанды өркениеттік негіздерді қабылдауға мүмкіндік алды. Бағыс түркологтары түркі мәдениеті мен әдебиетін қарастырғанда, оны әдетте екі үлкен тарихи кезеңге көне түркі, яғни исламнан бұрынғы

және исламға кіргеннен кейінгі мұсылмандық кезеңдерге бөліп қарастыруы осыдан.

Ислам өркениетінің бөлшегі ретінде ұлы даламыздағы рухани өрлеу бар саланы қамтыды. Қалалар саны өсіп, ғылым салалары негізделе бастады. Қазақ топырағынан шыққан ғалымдардың бір тобы философия, тарих, астрономия, логика, музыка, тіл, медицина, тафсир, шарифат, хадис, құқық салаларына арналған еңбектермен танылды. Бұл жерде сансыз Фарабилер мен әл-Женди, Хусамад-дин ас-Сығнаки, Әбд-әл Ғафур әл-Кердерилерді атауға болады. Сайрамдық Ахмад әл-Исфиджаби, Әли әл-Исфиджаби атты ғұламалар да өзінің терең ойлы туындыларын Ислам ғылымына арнаған. Сайрамнан сондай-ақ әл-Қади әл-Байдауи, Әбу-л Хасан Әли әл-Байдауи секілді қазылар да шыққан.

Қазақ мәдениетінің осы исламға кіргеннен кейінгі ең серпінді даму кезеңін Ясауи бабамызбен және оның сопылық жолымен байланыстырамыз. Сопылық ілімнің табиғатында исламды жергілікті халық дәстүрімен шебер үндестіре білетін бейімделгіш қасиет бар екенін зерттеушілер дәлелдейді.

Дәстүрлі түркілік дүниетаныммен Ислам құндылықтарын шебер үндестіре білген Ясауи бабамыз ислам дінінің, яғни сопылық танымның отырықшы және көшпенді түркілер арасында кең жайылуына жол ашты. Қарахан дәуіріне жататын сол кезге тиесілі діни, әдеби және ғылыми шығармалардың дені парсы және араб тілінде жазылып келген болатын. Тек, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты дидактикалық шығармасы мен Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-Түрік» лингвистикалық еңбегі және Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйы» кітабы ғана түркі тілінде жазылған шығармалар болды. Қожа Ахмет Ясауи бабамыз «Диуани хикметін» түркі тілінде жазу арқылы өлуге айналған түркі тілін тірілтумен қатар «Түркі ислам» өркениетінің қалыптасу кезеңін жаңа сапаға көтерді. Профессор Д.Кенжетай: «Ясауи дәстүрлі түркілік дүниетанымдық ұстындарды исламдық ұстындармен үйлестіре білген. Соның нәтижесінде Ясауи дәстүрлі түркілік дүниетаным мен ислам мәдениеті арасында теңдік белгісін қоя отырып, «еркін сұхбат» құра білді. Ясауи ілімі өзіндік әдістемелер жүйесі арқылы осы тарихи, табиғи сұхбаттың жүзеге асырылуындағы басты себеп, әрі бүгінгі қазақ философиясының ислам және түрік өркениеттерінің біртұтас

болмыстық ерекшеліктерге ие болуына ықпал еткен арналы өзек», - деген тұжырымымен Ясауи бабамыздың қазақ халқының қала берді бүкіл түркі жұртының рухани тарихындағы орнын дәл анықтап береді [2, 37 б.].

Мысалы, сопылық зерттеушісі Н. Нұртазина: «Ислам ежелгі түркілік идеал саналатын «ер» ұғымын адамгершілік мазмұнмен байытып, оған руханилықты дарытты. Егер исламға дейінгі дәстүр бойынша «ер» деп қара күш иесін, жауынгерлік қасиетті түсінген болса (Мысалы, Орхон жазбаларында Күлтегін батыр солай суреттеледі), кейінірек бұл түсінік моральданып, «ер» ұғымына адамгершілік құндылықтарымен қатар даналықты сыйғызды» дейді [3, 36 б.]. Осы ойдың желісін Сыр өңірінде өткен атақты жырау Балқы Базар Оңдасұлының шығармашылығынан көреміз.

Мына бір шолақ дүниеден,  
Әулие өлмес дер едім.  
Отқа салса күймеген,  
Залымдардың өмірі,  
Бір шарпуы тимеген.  
Сахар тұрып жылаған,  
Хақтан медет сұраған.  
Ол ерлердің тағаты –  
Құдайына ұнаған.  
Бабай Түкті Шашты Әзиз,  
Ер Сейтмембет, Мағзаман.  
Марал Ишан, Софы Әзиз,  
Солардан өткен сұм дүние [4, 144 б.].

Бұл жерде ақынның аты аталған тұлғаларды «нағыз ер» сипатында қара күш иесі қылып емес, керісінше, дін жолындағы моральдық биік қасиеттермен сомдалған «кемел» жандар ретінде баяндап жатқаны танылады. Сонымен қатар, бұл шумақтардан Әл-Фарабидің «инсан-ул фазыл» (парасатты адам) категориясы мен Ясауи бабамыздың «кемел адам» тұжырымдамасының сабақтастық желісін байқау қиын емес.

Қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдер мен ұлағатты сөздердің сопылық таныммен астасып жатуын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлыкелтірген мына деректер дәлелдейді: «Хазреті Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи біркүні тоқсан тоғыз мың машайық аталған муридтерін жамиғ қылып баршасына бұйырды дейді. Хазіретіміз Мұхаммед ғалейһиссалам «миғраж ашқанда», Құдай тағаланың құдіретімен тоқсан тоғыз мың сөз сөйлескен екен. Отыз үш мың шарифат, отыз үш мың тариқат, отыз үш мың хақиқат, - соның

бәрі бір кітапта болмайды, бәрі бір жерден табылмайды. Сіздер баршаңыз бір жерде отырып, бас басыңызға бір ауыз сөзден сөз айтыңыздар, кейінгі заманға жәдігер болып қаларлық болсын. Сол Құдай тағаланың құдіретімен Мұхаммед пайғамбармен сөйлескен сөзін пендеде білуші жоқ. Бірақ сіздердің сөздеріңіз сол сөздің көлеңкесі сықылданып, жұрт аузында қалсын дегенде, қай ретті қылып сөйлейміз деп, Сұлтан хазіреттің өзінен сұрағанда, өзі айтты дейді: «Мақал деп айтылатұғын сөз болсын. Шаруа көшсе байиды, дәруіш кешсе байиды. Уақытсыз ерден, бақытсыз ұрғашы артық». Осы мақалдар Сұлтан Хазіреттің өз аузынан шыққан» [5, 44 б.].

Қазақ халқының ру тайпалық жүйеге негізделген мемлекеттік құрылымының өзегінде Ясауи ілімінің жатқандығын тарихшы З.Жандарбектің еңбектерінде дәлелденеді. Ол: «Түркі халықтарының тек рухани-мәдени болмысы ғана емес, мемлекеттік құрылымдық жүйесі де ясауи тариқатының құрылымдық жүйесімен тікелей байланысты болды», – деп Ислам дінінің, оның ішінде Ясауи жолының қазақ халқының мәдени болмысымен қатар саяси – әлеуметтік кеңістігін тұтас қамтыған универсалды қырын соны пікірлерімен байыта түседі [5, 239б.].

Сонымен қатар ешкімді жатсынбайтын, барша адамзатты бауыр деп құшағын жайған дархан мінезіміздің негізі де Ясауидің «топырақ бол» және «кәпір болса да берме зарар» деген ұстанымдарынан қалған мирас. Бұны біздің әдет ғұрып, салт дәстүріміздегі ашықтық, ғасырлардан келе жатқан басқа мәдениет пен дінге деген төзімділіктен анық байқаймыз.

Енді, қазақ мәдениетінің діни мазмұнын жанжақты ашуға тиіс отандық қоғамдық ғылымдарда орныққан теріс тұжырымдар мен түсініктерге тоқтала кетейік. Олар, мысалы; дінді мәдениетке қарсы қою, атап айтқанда, ислам дінінің мәдениетке қосқан үлесін мойындамау, ескі діндердің, шаманизмнің тарихи шектеулілігін көрсетпеу, ислам мен көшпенділікті антагонистік сипатта суреттеу, яғни қарама-қарсы ету, сөйтіп тарихымызда орын алған далалық ислам дәстүрін жоққа шығару. Жалпы айтқанда, қазақ қоғамының исламдану дәрежесін өте төмен бағалау. Сопылықтың шын мағынасын түсінбеу немесе әдейі бұрмалау т.б. Осы олқылықтардың нәтижесінде бейрухани тарих пен діннен ажыратылған ұлттық мәдениет жасалынды. Атабамамыз ұстанып, бүгінгі ұрпаққа мирас еткен

рухани қағидалар сорақылықпен бұрмаланып, «қазақ- мұсылман емес» немесе «қазақ –шала мұсылман» деген мифтер туды. Отаршылдық, рухани-идеологиялық мәңгүрттіктің бізге тигізген зияны осы [6.246 бет]. Сондықтан, бүгінгі таңда, саяси тәуелсіздіктің жағдайында, «қазақ мәдениеті және ислам» тақырыбын жанжақты зерттеп, зерделеудің, кең насихаттаудың ғылыми-танымдық және практикалық маңызы өте зор. Исламтану қазақ мәдениетін танумен байланыстырылмаса, бәріміз армандаған рухани ренессанс-бос сөз қиял болып, қағаз жүзінде қала береді. Егер осы кемшіліктердің орны толығын болса, шын мәнінде қазақтың нағыз мұсылман болғаны анықталады. Себебі, ол сопы-мұсылман болды. Сопылық – шынайы ислам дінін аса биік рухани мазмұнда қабылдау (соның ішінде бір күшті жағы – ұлттық мәдениетпен біртұтас етіп, әр халықтың жүрегіне өзінше жол таба білу). Сол сияқты ол схоластикадан жүрек тазалығын, нақты қайырымды істерді анағұрлым жоғары қоятын ілім. Суфизм тәсілімен түсіндірілгенде ислам – арлылық пен ерлік идеалына бастайтын, Алланы тануды адамды танумен тығыз байланыстырып, даналыққа жетелейтін толық, биік мағынадағы шарифат. Оның түпкілікті, киелі мәні – Пайғамбарға еліктеу. Бір сөзбен айтқанда ортағасырлық қазақ мәдениеті толықтай Исламның ықпалында дамып көркейді.

### Әдебиеттер

- 1 Ислам. Истографические очерки. Под общей редакцией С.М. Прозорова. – М.: Наука, 1991.
- 2 Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 360 б.
- 3 Нуртазина Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана (историко-культурологическое исследование): Монография. Алматы: Фараб, 2000. – 312 с.
- 4 Бес ғасыр жырлайды: Екі томдық / Құраст.: М. Байділдаев, М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1989. – 496 б. – 2-т.
- 5 Жандарбек З. Ясауи жолы және қазақ қоғамы. Ғылыми зерттеу. – Алматы: Ел-шежіре, 2006. – 256 б.
- 6 Корбен А. История исламской философии / Пер. с франц. А.А. Кузнецова. – М.: Прогресс-Традиция, 2010.

Г. Елшибекова

**Роль суфийского учения в гносеологическом понимании казахского народа**

Суфизм играет особую роль в культурно-религиозном познании казахского народа. Не вызывает сомнения, что истоки в понимании бытия мусульманства у казахского народа связано с совершенной личностью пророка Мухаммеда. Коран и Сунна являются основой учения исламского суфизма, моделирующая духовно-эмпирическую практику.

**Ключевые слова:** учение суфизма, казахский народ, духовно-эмпирическая практика ислама, духовные горизонты, исламская цивилизация.

G. Elshibekova

**The role of exercise in Sufism epistemological understanding of the Kazakh people**

Annotated: Sufism plays an important role in the cultural and religious knowledge of the Kazakh people. The essence of the understanding in the beginning of the Kazakh Muslimism took perfect personality of the Prophet Muhammad. The Quran and Sunnah of the teachings of Islamic Sufism initiative, which modeled the spiritual and empirical practice.

**Keywords:** the teachings of Sufism, the Kazakh people, spiritually-empirical practice of Islam, spiritual horizons, the Islamic civilization.